

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016



家 – үй

Сызбалар-2. Бейнелік таңбалар

Бесіншіден: Иероглифтерді көптеп білу үшін тағы бір тиімді тәсіл сөздіктермен жұмыс жасау.

Сондай-ақ осы үйренген иероглифтерді пайдалана отырып сөздер жасап және іс жүзінде қолдана білген жөн.

Қытай жазуын үйрену өте ұзақ уақыт пен қажырлы еңбекті талап етеді, Сондықтан, қытай тілім меңгеру үшін ең бастысы қызығушылық пен өз-өзіне сенімділік тілді үйренудегі басты итермелеуші күш бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Huang Bo Rong «Қазіргі қытай тілі» – Пекин 2002. – 13-19 б.
2. Ли Бау Шұнь. Қазіргі заман қытай тілі грамматикасы-қытай: ШҰАР Урімжі» 1991ж.
3. Ли Бау Шұнь. Қазіргі заман қытай тілі грамматикасы - қытай: ШҰАР Урімжі» 1991ж.
4. Қазіргі қытай тілі. Пекин 1992ж.

ӘОЖ392.1 (510)

ҚЫТАЙ ХАЛҚЫНДАҒЫ НӘРЕСТЕНІҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ДӘСТҮРЛЕР

Ермахан Ақерке Пірімханқызы

a_ermakhan@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Шәріпхан М

Нәрестенің дүниеге келуіне байланысты қалыптасқан дәстүрлер ата-ананың, туыстарының, қоғамның басқа мүшелерінің нәрестеге деген қарым-қатынасынан, көзқарасынан туындаған күрделі әрі жауапты құбылыс. Қытай халқында ерте заманнан-ақ некенің басты мақсаты ұрпақ жалғастыру болды. Ерте кездегі Қытайда адмдардың бір біріне "Ұрпақсыз қалуын" тілеуі ең жаман қарғыс болып саналған. Көп бала сүю, отбасын құру ұлы философ Конфуцийдің ілімдерінде де ерекше атап көрсетілген. Тіпті "Жақсы-好" деген сөзді білдіретін иероглифте "әйел-女" және "бала-子" деген екі мағыналы сөзден тұрады. Сонымен қатар руды сақтап қалу, ұрпақ жалғастыру ер баланың дүниеге келуімен тығыз байланысты болған. Ертеде Қытайда халық арасында «Тіпті көркем әрі талантты қызыңда, сұрықсыз ұлың секілді лазым болмайды», «Ұл өсірсең-қарттығыңды қамтамасыз етесің, жүгері өсірсең-аштықтың алдын аласың», деген сияқты мақал-мәтелдер көп айтылған. Мұрагер-ер баланың дүниеге келуі – аса маңызды іс болып саналған және де осы істі тездету үшін дуа жасау, сиқырлау, балшы-балгерлерге бару сияқты алуан түрлі шараларды

қолданған. Ұл табу мақсатында көптеген әйелдер түсжорушылардың көмегіне сүйенген. Бұл туралы «Жырнамада» да айтылған:

Сұр және қара түсті аю түсіне еңсе –

Ұл баланың дүниеге келу белгісі;

Егер жылан түсінде келсе –

Қыз баланың дүниеге келу белгісі.

Айы күні жеткен әйелдер жын-перілерге сегіз немесе он түрлі тағам түрлерін және қағаздан жасалған шаяндарды құрбандық ретінде ұсынып, дүниеге мұрагердің келуін сұраған. Сонымен қатар сәбидің туылу үрдісіне көмектескен әйел құдайларға арнап мехрабтар тұрғызылды. Әдетте әйелдер сәбилі болуын босану үрдісінде қолдап, қамқор болатын құдайдан, мысалы 娘娘 және 观音 әйел құдайы. Әйел құдайларға арнап тұрғызылған мехрабтардан нәрестенің аяқ киімін жасырын түрде ұрлап алу дәстүріде болған. Егер сәбилі болуын тілеген әйелдерге ана бақыты бұйырған жағдайда, олар әйел құдайға жасырын түрде ұрлап алған аяқ киімнің бірнеше түрін қайтарған.

Бәрімізге белгілі, қытайлықтар ежелден көптәңірлік дін ұстанған. Қытайлық дүниетанымдағы кейбір аңыздарда балалы болу еркектерден деп ұғындырса; кейбірі әйелдерден деп түсіндіреді; тағы бір әпсаналар жаратушы адамды топырақтан жасаған деген тұжырымдар айтады [4,420-6] .

Қытайлықтар кішкентай санамақты қолдана отырып, әлі дүниеге келмеген сәбидің жынысын төменде көрсетілгендей жолмен анықтауға тырысқан:

Жеті жердегі жеті - қырық тоғыз. Бала бойға біткен айды қосып, ананың жасынан алып тастап, он екінші қосу. Тақ сан шықсы - ұл бала, жұп сан шықсы - қыз бала.

Сәбидің дүниеге келген күнінде қытайлықтар ырымшылдықпен байланыстырған. Айдың сегінші жұлдызында дүниеге келген сәби бақытты болады, себебі 八, 捌 кантондықтардың диалектінде «өркендеу» 發 деген сөзбен бірдей дыбысталады екен [1].

Сәби дүниеге келген уақытта оның болашағы жайлы бал аштырып, жорамалдаған. Егер сол уақытта жауын жауып тұрған болса- бала өмірде көп қиыншылыққа тап болады, егер қар жауып тұрған болса- бай болады, қарғаның дауысы естілсе-жамандықтың белгісі саналған.

Жас босанған әйелдің ата-анасына қуанышты жағдайды тез хабарлауға асыққан. Солтүстікте нәрестенің дүниеге келуін жеткізуде ата-анасына «ұзақ өмір сүру» белгісі ретінде «лапша» жіберген, ал Оңтүстікте ұл бала дүниеге келсе - қораз, қыз бала дүниеге келсе - тауық жіберген. Хэнань аумағында «гүл» қыз баланың дүниеге келуінің белгісі болып саналған. Теңіз жағалауындағы аудандарда «Бес бақытты» білдіретін, яғни кеспе, тауық жұмыртқасы, шабдалы, шекер және қақталған балықтан тұратын шалма көже жіберген. Сонымен қатар Солтүстік Қытайда ұл бала дүниеге келсе қақпаға қызыл түсті сүлгі мен шабдалы ағашының үш бұтағымен қатар жуа ілген.

Нәресте дүниеге келген күні ақ кіндік шешесі салтанатты түрде көптеген қонақтардың қатысуымен нәрестені шоқындыру рәсімін өткізген. Ең алдымен жаңа туылған сәбиге күш-қуат беру мақсатында оған жұмыртқаның ақуызын жаққан. Жұмыртқа 蛋 құнарлықтың, күштің және жаңа өмір бастауының негізі болып есептелген. Сәби дарынды әрі талантты болсын деген ырыммен кіндік шешесі сәбиді ақырын ғана жуамен ұрып, зімбір жаққан. Қытай тіліндегі «жуа 葱» мен «ақылды 聰» иероглифі бірдей дыбысталады [3, 15].

Ұрлықтың, әділетсіздіктің және тағы да басқа кесірлердің алдын алып,сәбиді қорғау мақсатында оның басына немесе қолына құлып қойған. Сонымен қатар анасы ауырмас үшін баланың басымен ананың ішін ақырын ғана ұрған. Одан кейінде жаңа туылған нәрестеге арналған рәсімдер өткізіліп отырған. Шараның ішін жылы сумен толтырып жатқанда, қонақтар, үй иелері және қызметшілер шараның ішіне мыс немесе күміс тиындар, грек жаңғақтарын, құрма, лотос дәні, піскен жұмыртқа лақтырған. Тиындардан басқа салынған заттардың барлығы да «бақыт түсін» білдіретін қызыл түске боялуы тиіс. Сонымен қатар осы рәсімге қатысушылар аталған заттарды шараның ішіне салып жатып сәбиге және оның ата-анасына бақыттыболашақ пен ұзақ өмір тілеген. Тілектердің бәрі айтылып болғаннан кейін,

кіндік шешей шараның үстінде бір қолымен сәбиді ұстап тұрып, екінші қолымен жуындырады. Шомылдырып болғаннан кейін сәбиге ырымдап «өмірде жетістіктері көп болсын» деп кеудесіне таразы, «бақытты болсын» деген сеніммен бетіне жұмыртқа қойған. Оңтүстік аймақтарда ескі тиындар немесе күміс заттар байлауға арналған бауды алып, нәрестенің білегін байлаған. Сәбидің шашын таң ақанда кезде ғана алып, сонымен қатар көбінесе желкесіне немесе маңдайында бір бұрымды шаш қалдырғын. Қытайлықтар жас нәрестенің шашын көздерінің қарашығындай сақтаған. Сол кезде сәбиге әулеттегі жасы үлкен қария берген есімді қойған. Сәбиді бәле жаладан қорғау үшін, мойнына иттің сүйегін тағып, маңайын шулатып жүрген [2, 48].

Жаңа туылған нәрестені әкесінің ескі шалбарынан тігілген жөргекке жиі ораған, себебі қытай тілінде «шалбар 褲» сөзі «қасірет 苦» сөзінің омонимі болып табылады. Қытайлықтардың наным-сенімі бойынша бұл ырым сәбиге төзімділік пен табандылық қосқан. Қытайлықтар тағы да осындай ырыммен «өмір қиыншылықтарына» төтеп бере аларлықтай болсын деп сәбиді алғаш емізер кезінде аузына көкгүл қайнатпасын тамызып, «Алдымен ащы жесең, ертең тек тәтті жейтін боласың, 先吃苦, 后吃甜» деген. Нәрестеге денсаулық, ұзақ ғұмыр, байлық және басқа да игіліктерді тілей отырып, оның ернің еттің сорпасымен, тәтті сумен, күріш қайнатпасымен, кептірілген балықпен дымқылдатқан. [1]

Нәрестенің дүниеге келгеніне бір ай толған «Айға толу 满月» күнің қытайлықтар ерекше салтанатпен атап өтеді. Бұл күні туыстары, ата-анасының достары, таныстары нәрестенің өзіне арнап: күміс, алтын немесе күміс жалатылған сылдырмақ, құлып, «ұзақ өмір сүру» құдайының суретін, қолға немесе мойынға арналған білезік және қызыл баулар сыйға тартқан. Сылдырмақты және «ұзақ өмір сүру» құдайының суретін нәрестенің бас киіміне, ал құлыпты «ұзақ өмір сүруші» болсын деген ниетпен мойнына таққан. Сонымен қатар бұл құлыпты «Жүз отбасы құлығы 百家锁» деп те атайды. Бұндай құлыптарды сәбиге ата-анасының достары «құжымдық сыйлық» жасап тарту еткен, құлыптың «Жүз отбасы құлығы 百家锁» деген атауы осыдан шыққан.

Осыдан кейін сәбидің туылған күнінен бастап жүз күн толған «百日» күнің атап өткен. Бұл күні әдетте қытайлықтар сәбидің болашағын білу үшін көріпкелге барады. Баланың мойнына бойтұмар ретінде жүз қақпадан бір-бірден жинап алынған алуан түрлі жіптен жасалған жіңішке бау таққан. Бойтұмарды баланың ұйқысы тыныш болсын деген ниетпен таққан. Қытайда балалар әлі күнге дейін жануар мүсінді құлақшасы бар бас киімдер киеді. [2, 62].

Сәби дүниеге келген кезде «Алғашқы есім 乳名» қойған. Бұл есім «сәби шақалақ кезінде шетінеп кетпесін», «бақытты» болсын деген ниетте қолданылатын, құлаққа жағымды естілетін иероглифтен тұруы тиіс. Оларға осындай ниетпен келесідей есімдерді қойған: 富 (Байлық), 贵 (Тектілік), 喜 (Бақыт), 乐 (Қуаныш). Қыз балалардың есімін әдеттегідей гүлдің, асыл тастардың, көбелектің, құстардың атауымен байлантира қойған. Мысалы: 莲花 (Лотос), 牡丹 (Сәлдегүл), 杏儿 (Өрік), 桃儿 (Шабдалы). Сонымен қатар оларды 小猫 (Марғау) немесе 二妹 (Кіші сіңілім) деп те атаған. Сонымен қатар кей кездері балаларды туылған жыз мезгілімен де байланыстыра атаған: 春儿 (Көктем), 夏生儿 (Жазда туылушы), 秋儿 (Күз).

Ал «Екінші есім (字)» – ол бала кәмелет жасқа толған кезден бастап, өмірінің соңына дейін аталатын есімі. 20 жастан кейін екінші есім балаға «есею» және «құрмет» белгісі ретінде қойылады. Ең алғашында бұндай есімдер ер кісінің есімінен кейін қолданылған, бала екінші есімді өзінің ата-анасынан немесе алғашқы ұстазынан алған, сонымен қатар өзіне ұнаған есімді таңдау құқығы да болды. Екінші есімді қолдану дәстүрі 1919 жылдағы «4-мамырдағы қозғалыстан» кейін жоғала бастады. Екінші есімнің көпшілік мақұлдаған екі түрі бар: Цзы 字 (zi) и Хао 號 (hao) [1].

Қытайлықтар баланың мінез-құлықты мен сырт келбетіне аса көп мән берген: екі қастың ортасындағы бұдырмақ – оның даналығы мен болашағын, ал құлағының үлкен сырғалығы – болашақтағы денінің саулығын білдірген. Балаларды барынша ертерек тамақты таяқшамен

жеуге үйреткен, себебі бұл өнер саусақтарды қозғалтуды дамытады, тіпті қазіргі медицинаның балар бөлімін зерттеумен айналысатын саласы да саусақ сүйектерін жүйелі жаттықтыру – болашақтағы зеректілік пен білімнің кепілі екенің теріске шығармайды. Егер кішкентай бала өзінің табанына жиі жармасса, бұны қытайлықтар тілалғыш, ата-анасының сөзіне құлақ асатын бала болады деп есептеген. Сәбидің ұзақ әрі тоқтаусыз жылауы бақытсыздықтың белгісі ретінде қабылдаған. Сәби жиі жылап, көп ауырған жағдайда, жүргіншілердің бәрі оның есімін дауыстап оқысын деген ойда, оның ата-анасы баланың есімін жазылған қағазды бүкіл аймаққа тарқатқан. Қытайлықтардың сенімі бойынша, әркез дыбыстап аталған адамның есімі оған жаңа күш берген [3, 49].

Қорытып айтқанда, Қытай халқындағы нәрестенің дүниеге келуіне байланысты қалыптасқан дәстүрлер –Аспан асты елінің сәбиге деген сүйіспеншілігін, әрі мейірімін білдіреді. Баланың өмірге келуі, оның өсіп-жетілуі кез келген ұлт жөнінен алған өте маңызды. Сол себепті, осы мақала қытайтанушыларға немесе қытай халқын зерттеуге қызығушылық танытатын әуесқой оқырманға аз болса да өз үлесін қосады деген үміттемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. www.job-distance.com
2. Коган Д.Р. (перевод); Древний Китай : [энциклопедия / пер. с англ. Д. Р. Коган]; Москва : Мир книги, 2007
3. Дәурен Омаров «Жаһанға жайылған жұрт»
4. Шәріпхан М. Қазақ-қытай халықтарының балаға байланысты салт-дәстүрлері. «XXI ғасырдағы шығыстану ғылымы: мәселелері мен даму болашағы» халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. 1 қараша 2013 ж. – 575-б.

УДК 82-1(716)

ЦЕЛОСТНЫЙ АНАЛИЗ СТИХОТВОРЕНИЯ Р. БЕРНСА «THE JOYFUL WIDOWER»

Есенгельдина Тансулу Бериковна

Tansulu_yessengeldina@mail.ru

Магистрант 1 курса специальности «6М02100 Иностранная филология»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – К.Н. Булатбаева

Роберт Бернс – великий поэт Шотландии, фольклорист, автор многочисленных стихотворений и поэм, написанных на так называемом равнинном шотландском и английском языках. Стихотворение поэта проникнуто глубоким чувством патриотизма. Через все его произведения красной нитью проходят любовь и протест, несмотря на парадокс этих двух явлений, они органично переплетаются и выражают яркие эмоции, испытываемые простыми людьми. Еще одной особенностью литературных произведений Р. Бернса является особое отношение к людям низших сословий, выходцем которых он являлся сам.

Стихотворение «The joyful widower» является одним из ярких лирических произведений, оно занимает видное место не только в лирике Р. Бернса, но и в мировой поэзии.

Начнем рассмотрение стихотворения со сравнительно-сопоставительного анализа его переводов. Первый перевод представлен стихотворением С.Я. Маршака, второй – Т.Щепкиной - Куперник.

The joyful widower

Счастливый вдовец

I.

В недобрый час я взял жену, Женился я на бабе вздорной